

• Халық қалаулылары ел ішінде

Семей қаласына іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Әмірхан Рахымжанов пен Жанат Омарбекова Абай атындағы кітапхананың қызметкерлерімен кездесу өткізді. Кездесуге қала әкімі Бақытжан Байахметов те қатысты.

КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Қазақстандағы ең көне мәдениет ошақтарының бірі Абай атындағы әмбебап кітапхана 1883 жылы мұражай орналасқан облыстық статистика комитетінің ғимаратында ашылған. Ұлы ақын Абай Құнанбаев көп жылдар бойы осы кітапхананың тұрақты оқырманы болғаны бәрімізге белгілі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы, кітапханаға ұлы Абайдың есімі берілді. Қазіргі уақытта мұндағы 8 бөлімде 39 кітапханашы еңбек етеді.

Кітапхана қорында 385 мыңнан астам кітап бар, оларды 19 мыңнан астам оқырман пайдаланады. Жылына 396 000 кітап оқырмандарға беріледі. Мәдениет ошағы қабырғасында жыл сайын 400-ге жуық түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

Кездесу барысында халық қалаулылары қазіргі күні атқарылып жатқан жұмыстар туралы хабардар етіп, Абай облысының бірінші кезекте шешілуі қажет бірнеше мәселелерін атап өтті.

Кітапхана қызметкерлері де ез таптарынан кітапхана жүйесін цифр-



ландыру, жалақыны арттыру, жас мамандар үшін қолайлы жағдайлар жасау сынды бірқатар мәселелерді көтерді. Сондай-ақ кітапхана туралы заң қабылдау қажеттілігі туралы ұсыныстар да айтылды. Кітапхана қызметкерлерінің айтуынша, жас мамандардың жалақысы небәрі 65 мың теңге көлемінде, еңбекақының

аз болуына байланысты жастар кітапханада жұмыс істегісі келмейді. Кітапханашылар жалақыны кем дегенде екі есеге арттыру қажет деп санайды. Кездесуде сондай-ақ жаппай цифрландыру жобаларын жүзеге асыруды қажет ететін кітапханалар, мұрағаттар және ірі компаниялар үшін арнайы әзірленген автоматты кітап

сканерлерінің жетіспейтіні туралы да айтылды. Қазіргі таңда қоры өте бай кітапханадағы тек бес жарым мыңнан астам кітап қана цифрландырылған. Қажетті техниканың жетіспеуінен бірқатар қиындықтар туындап отыр. Мысалы, 19-шы ғасырда жарық көрген кептеген бірегей журналдар мен кітаптар әлі цифрландырылмаған. Бұл кітапхананың жалпы цифрлық дамуына кері әсер етуде.

Кітапханашылардың айтуынша, «Мәдениет туралы» заңда кітапхана туралы тек біраз деректер ғана айтылған. Осыған байланысты кітапхана жүйесінің көптеген өзекті мәселелері жеткілікті түрде қарастырылмайды.

- Осы мәселелердің барлығын жергілікті деңгейде қарастырамыз және олардың шешіміне қатысты ұсыныстарымызды депутаттардың қарауына береміз, - деді кездесуді қорытындылай келе Семей қаласының әкімі Бақытжан Байахметов.

**Семей қаласы әкімінің
баспасөз қызметі**